

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 615 "2021-2023 жылдарға арналған Бозой ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 31 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 наурызда № 8127 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 615 "2021-2023 жылдарға арналған Бозой ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7882 тіркелген, 2021 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

2) тармақшасында:

шығындар - "28835,0" сандары "32268,0" сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) – "0" саны "-3433,0" сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – "0" саны "3433,0" сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – "0" саны "3433,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы
12 наурыздағы № 31 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы
29 желтоқсандағы № 615 шешіміне 1 қосымша

2021 жылға арналған Бозой ауылдық округ бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		I. КІРІСТЕР	28835,0
1		Салықтық түсімдер	10674,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	10674,0
		1 Мүлікке салынатын салықтар	159,0
		3 Жер салығы	85,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	10430,0
2		Салықтық емес түсімдер	486,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	486,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	486,0
4		Трансферттердің түсімдері	17675,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	17675,0
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	17675,0
II. ШЫҒЫНДАР			32268,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26207,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	26207,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26207,0
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26207,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6061,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	6061,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6061,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4123,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	535,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1403,0
		III. Бюджет тапшылығы (профициті)	-3433,0
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	3433,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	3433,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	3433,0
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3433,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК